



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№37 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

ROZA BAĞLANOVA. 100 JYL коллекциялық монеталарын айналымға шығару туралы

Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жыл, 30 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) ROZA BAĞLANOVA. 100 JYL коллекциялық монеталарын айналымға шығарады.

Монеталардың сатылымға шығатын күніне қатысты ақпарат ҚҰБ сайтында қосымша жарияланады.

ROZA BAĞLANOVA. 100 JYL коллекциялық монеталары туралы

Номиналы 100 теңгелік мельхиордан соғылған монета «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясын жалғастырады. КСРО халық артисі, Қазақстанның Халық қаһарманы, кеңестің және қазақтың опера және эстрада әншісі Роза Бағланованың туғанына 2022 жылы 100 жыл толады.

Монета бетінің (аверсінің) орталық бөлігінде Қазақстанның Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген. Елтаңбаның оң жағы мен сол жағында ою-өрнек элементтері орналасқан. Монетаны айналдыра QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN деген жазу жазылған. Төменгі бөлігінен монетаның номиналын білдіретін 100 TEŃGE жазуын көруге болады.

Монетаның екінші бетінде (реверсінде) Роза Бағланованың суреті, портреттің сол жағында мерейтойлық датаны білдіретін 100 JYL деген жазу бар. Монетаны айналдыра «Ах, Самара-городок» әнінің ноталары, ROZA BAĞLANOVA, монетаның шыққан жылын білдіретін «2022» деген жазулар бар.



Коллекциялық монета МН25 мельхиор құймасынан, 15 грамм салмақта, 33 мм диаметрмен, brilliant uncirculated сапада, 100 теңгелік номиналмен 15 000 дана болып шықты.

Монета коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Олар Қазақстан Республикасының аумағында барлық төлем түрі бойынша номиналды құнына сай қабылдауға

жатады, сондай-ақ монеталарды банк шоттарына салып, аударым жасауға, Қазақстан Республикасының барлық банкінде айырбастап, ұсақтауға болады.

Коллекциялық монета Қазақстанның теңге сарайында жасалған.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы біле алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz